

2023 жыл 01 ақпан №3 жоспардан тыс

педагогикалық кеңестің хаттамасы

Хаттама №3

Өткізілген уақыты: 2023 жыл 01 ақпан

Қатысқандар: 9 педагог, есепші

Күн тәртібі:

1. «Ақтөбе облысы білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ-нің МКҚК «№1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасында өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу. Тыңдалды: МКҚК «№1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасының басшысы - Г.Ж. Барикова «№1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасында 2023 жылдың 01 ақпан мен 28- ақпан аралығында өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу ұсынылды. Өзін-өзі бағалау 2023 жылғы 01 ақпан 28 ақпанға дейін тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (МЖМБС) жалпы талаптарына сәйкестігіне ұсынылатын білім беру қызметтерін талдау жолымен жүргізілуі тиіс.

Ұжымды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпанындағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (жаңа редакцияда ҚР Білім және ғылым Министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі №366 бұйрығымен) және 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 «Білім беру ұйымдарын өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» бұйрығымен таныстырды.

Өзін-өзі бағалау үшін комиссия құру қажет, оның мүшелері келесі бағыттар бойынша материалдарды дайындайды:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттары

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1) білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі.

Құжаттар: өткен төрт оқу жылы мен ағымдағы оқу жылындағы жұмыстық оқу жоспарлары, білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына» негізделіп құрылған және бекітілген болу керек. Ұйымдастырылған оқу іс -шараларының кестесі жасалып, бекітілген болу керек.

Бағалаватын кезеңде әзірленген және білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері қоса беріледі;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, соның ішінде:

- ✓ оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған максаттар мен міндеттерге қол жеткізу;
- ✓ қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру;
- ✓ тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;
- ✓ мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;
- ✓ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;
- ✓ тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау;
- ✓ креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;
- ✓ "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт- дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша

Құжаттар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген оқу қызметінің бөлінуін растайтын құжаттардың, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі (бағаланатын кезеңде ұйымдастырылған);

Ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша тәрбиешілердің бейнесабактары салынады.

3) МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеністіктік дамытушы орта құру

Құжаттар: жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдар, сондай-ақ жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері қоса беріледі;

- табиғат орталығы, шығармашылық бұрышында керекті құралдары, боямақ, бастыру трафареттері, пішіндер, кестелер, тігілген құралдар, балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, орналастыру, сылдырмақтар, жалаушалар, доптар, атрибуттар, даму ойындары және т.б. құралдар, дидактикалық және үлестірмелі материалдардың бар болуы;

4) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы

- **Құжаттар:** бағаланатын кезеңдер бойынша кесте жасап, пайызбен шығару, тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмелері қоса беріледі;

5) жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау

Құжаттар: Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен көрсетілген кезеңде жүргізілген жұмыстар, балаларға арналған жеке оқу жоспарымен жеке бағдарламаның көшірмелері қоса беріледі;

6) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы

Құжаттар: Топтағы әрбір бала бойынша 5 білім беру салалары мен ұйымдастырылған оқу қызметтері көрсетіліп, диагностиканың нәтижелері шығарылған болуы керек, мектепалды жасындағы тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілер жоспарларының (карталарының) көшірмелері қоса беріледі;

7) "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру

Құжаттар: сабақ кестелері, циклограмма құрылған болу керек, бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері, сонымен қатар білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 1-қосымшаға сәйкес зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі;

8) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы

Құжаттар: балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру және жүргізудің жұмыс түрлері ұсынылады, бағаланатын кезеңге мониторингтің көшірмесі қоса беріледі.

2. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

Құжаттар: жұмыстық оқу жоспарлары, сабақ кестесі, циклограмма құрылған болу керек, бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері салыну керек.

2) оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы.

Құжаттар: апталық оқу жүктемесінің көшірмелері салынады, сабақ кестесі бекітілген оқу жоспарларына сәйкес құрастырылған болуы керек.

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар

Құжаттар: Өлшемшарттардың 6 немесе 7-қосымшаларына сәйкес мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жүргізілген сауалнама нәтижелері қоса беріледі.

4. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша, жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылармен құзыреттіліктердің көлемін игеру

Құжаттар: әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің бейнематериалдары салынады.

2) жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау

Құжаттар: Тәрбиеленушілер үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша білім, білік,

дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді игеру кестесі, өлшемшарттардың 8-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте, мониторингісінің (қорытынды) көшірмелері қоса беріледі).

5. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау

Құжаттар: білім беру ұйымына 1 жастан 5 жасқа дейін қабылдану керек, өлшемшарттардың 9-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері қоса беріледі;

2) тәрбиеленушіні мектепалды даярлық тобына қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Құжаттар: балаларды қабылдау бойынша балалардың қозғалысы кітабы, бұйрықтары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – 1 жылды құрап, меңгеру мерзімі сақталу керек.

Комиссия құрамына кандидатуралар ұсынылып, бағалау бағыттары анықталды. Дауыс беру барысында бір ауыздан шешім қабылданды:

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі мынадай құрамда комиссия құрылсын:

Комиссия төрағасы: МКҚК «№1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасының басшысы Г.Ж. Барикова

Комиссия мүшелері:

Әдіскер Л.М. Асанова

Тәрбиеші Э.Т. Орынбаева

Тәрбиеші Г.А. Тлеубаева

Есепші А.А. Байзакова

2. Комиссия хатшысы болып К.К. Машарик сайлансын.

3. Комиссия мүшелері 2022-2023 оқу жылының ішінде білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша есеп дайындайсын:

Асанова Л.М. – МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кәсіптік дамытушы орта құру;

- МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы;

- жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау;

Орынбаева Э.Т. - баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы;

- "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Пығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру;

тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы.

Тлеубаева Г.А. - Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар: 1) МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап мектепшуды даярлық тобына қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін итеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар;
- Оқу мерзіміне қойылатын талаптар;

Байзақова А.А.- материалдық –техникалық база, негізгі құралдарды сатып алу.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі құрамда комиссия құрылсын және бекітілсін.
2. Комиссия мүшелері 2022-2023 оқу жылы ішінде білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша есептер дайындасын.
3. Комиссия құрамы білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау есебін 2023 жылғы 28 ақпанда қорытындыласын.
4. 2023 жылғы 28 ақпанда білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша педагогикалық кеңес өткізілсін.

Комиссия төрағасы:

Г.Ж Барикова

Хатшы:

К.К Машарик

